

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 16 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қыркүйекте № 24293 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 22 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі әкімінің 07.12.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық санитарлық инспекторының міндетін атқарушысының 2021 жылғы 21 шілдедегі № 17-08/165 ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Телжан ауылдық округі Көбенсай ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Телжан ауылдық округінің әкімі*

*С. Утигенова*